

**«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт»
мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» РМҚК**

ХАТТАМА

11 маусым 2024 жыл

Астана қ.

№ 3

«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» РМҚК қызметкерлерінің атқарып отырған лауазымына сәйкестігін анықтау мақсатында аттестаттау комиссиясының отырысы

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

Шәкір Қоңысбаевич Сүлейменов - директордың әкімшілік-шаруашылық сұрақтары бойынша орынбасары.

Комиссия мүшелері:

Ерлан Рысқалиұлы Рысқали – Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» РМҚК көркемдік жетекшісі;

Есләм Серікұлы Нұртазин – «Astana musical» мемлекеттік театрының көркемдік жетекшісі, философия докторы (PhD);

Ерқожа Алғожаевич Тилепбердиев – құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің инспекторы (офицер-комплайнс);

Бибигуль Тураровна Тургумбаева – көрермендерге қызмет көрсету бөлімінің басшысы, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы;

Жасулан Наурызбайұлы Базарбеков – «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының әртіс-солисі, басшысы.

Қазыбек Тәңірбергенұлы Искендер – кадр бөлімінің басшысы;

Комиссия хатшысы

Айгерим Бактығалиевна Капонова - кадр бөлімінің кадр бойынша инспекторы.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Роза Бағланова «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» РМҚК аттестаттаудан өтетін қызметкерлердің атқарып отырған лауазымына біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін анықтайтын әңгімелесу өткізу және қорытындысын шығару.
2. Әртістердің санаттарын көтеру туралы өтініштерін қарастыру туралы.

Отырыс сағат 10:00 минутта ашылды.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібінің сұрағы бойынша аттестаттау комиссиясының хатшысы А.Б. Капонова жұмыскерлердің атқарып отырған лауазымына біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін анықтайтын әңгімелесуден өтетін жұмыскерлер тізімін ұсынды.

№	Аты-жөні	Қызметі
1.	Бейсен Айман Шоқанқызы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
2.	Дұтбаев Алишер Ахметжанұлы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
3.	Жандаулетов Канат Абдрахманұлы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
4.	Мұратұлы Айдар	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
5.	Макагон Андрей Владимирович	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
6.	Мукажанова Мағрупа Кудайбергеновна	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
7.	Оразаева Гүлдана Маратқызы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі

8.	Орынбаева Салтанат Есимхановна	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
9.	Тұрсынбай Мақсат Дүйсенбайұлы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
10.	Тугельбаев Алибек Аликович	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
11.	Абдукадиров Әдлет Сакенұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі
12.	Атаев Бахыт Арипұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі
13.	Байтлеу Асхат Сайлаубекұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі
14.	Кусаинова Арайлым Жанбырбаевна	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі
15.	Шәуенов Әлиулла Ғабидуллаұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі
16.	Бекишева Аида Тынысовна	«Гүлдер» ансамблінің хореографы
17.	Умарбекова Перизат Асановна	Алматы қаласындағы филиал әртісі
18.	Сейтимова Сая Махамбетовна	Алматы қаласындағы филиал әртісі
19.	Интыкбаев Еркен Алтынбекович	Алматы қаласындағы филиал әртісі
20.	Тныков Уайс Уаисович	Алматы қаласындағы филиал әртісі
21.	Абдиганиев Азамат Муратулы	Маркетинг және қоғаммен байланыс бөлімінің суретші-фотографы
22.	Айтімбай Марат Төреханұлы	Шығармашылық қызметінің конферансьесі
23.	Айтахметов Біржан Төлеуғазыұлы	«Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының әртис-солисі
24.	Ельшибаева Айгул Иманкуловна	«Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының әртис-солисі
25.	Сулейменова Акшабак Кураловна	Бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімінің бас есепшісі
26.	Абдикаримова Гульфира Абдиевна	Құжаттамалық камтамасыз ету бөлімінің басшысы
27.	Сатанов Габит Советович	Шаруашылық бөлімінің ғимаратта қызмет көрсету бойынша жұмысшысы
28.	Темирбаев Азамат Кабдылғазызович	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамбль әртісі
29.	Толқынхан Самғар	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамбль әртісі
30.	Турабеков Болат Алишерович	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамбль әртісі
31.	Куатов Аслан Тулегенович	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамбль әртісі
32.	Толукпаев Адилжан Майкенович	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамблінің көркемдік жетекшісі
33.	Мендығалиева Салтанат Нурлыбекқызы	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамбль әртісі
34.	Альмадиев Алибек Бекболатович	Эстрадалық өнер бөлімінің әртісі
35.	Бектурганова Гульнара Женисовна	Концерттік-гастрольдік қызмет бойынша мемлекеттік концерттік ұйымдардың республикалық орталығының басшысы
36.	Гизатов Дулат Еркинович	Мемлекеттік сатып алу бөлімінің мемлекеттік сатып алу бойынша менеджері
37.	Ташимова Айнур Лесбековна	Экономикалық-жоспарлау бөлімінің бас экономисі

Комиссия мүшелері жұмыскерлерге бекітілген сұрақтардың ішінен 2-3 сұрақтан қойды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Әңгімелесу нәтижесінде комиссия мүшелері аттестаттаудан өткен қызметкерлердің атқарып отырған лауазымына біліктілік сипаттамалары сәйкес келетінін атап кетті.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНЫ:

Комиссия келесі қызметкерлерді атқарып отырған лауазымдарына біліктілік сипаттамалары сәйкес деп шешім қабылдады:

№	Аты-жөні	Қызметі
1.	Бейсен Айман Шоқанқызы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі

2.	Дұтбаев Алишер Ахметжанұлы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
3.	Жандаулетов Канат Абдрахманұлы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
4.	Мұратұлы Айдар	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
5.	Макагон Андрей Владимирович	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
6.	Мукажанова Магрупа Кудайбергеновна	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
7.	Оразаева Гүлдана Маратқызы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
8.	Орынбаева Салтанат Есимхановна	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
9.	Тұрсынбай Мақсат Дүйсенбайұлы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
10.	Тугельбаев Алибек Аликович	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестр әртісі
11.	Абдукадиров Әдлет Сакенұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі
12.	Атаев Бахыт Арипұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі
13.	Байтлеу Асхат Сайлаубекұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі
14.	Кусаинова Арайлым Жанбырбаевна	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі
15.	Шәуенов Әлиулла Ғабидуллаұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі
16.	Бекишева Аида Тынысовна	«Гүлдер» ансамблінің хореографы
17.	Умарбекова Перизат Асановна	Алматы қаласындағы филиал әртісі
18.	Сейтимова Сая Махамбетовна	Алматы қаласындағы филиал әртісі
19.	Интыкбаев Еркен Алтынбекович	Алматы қаласындағы филиал әртісі
20.	Тныков Уайс Уаисович	Алматы қаласындағы филиал әртісі
21.	Абдиганиев Азамат Муратулы	Маркетинг және қоғаммен байланыс бөлімінің суретші-фотографы
22.	Айтімбай Марат Төреханұлы	Шығармашылық қызметінің конференсьесі
23.	Айтахметов Біржан Төлеуғазыұлы	«Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының әртіс-солисі
24.	Ельшибаева Айгул Иманкуловна	«Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының әртіс-солисі
25.	Сулейменова Акшабак Кураловна	Бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімінің бас есепшісі
26.	Абдикаримова Гульфира Абдиевна	Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы
27.	Сатанов Габит Советович	Шаруашылық бөлімінің ғимаратта қызмет көрсету бойынша жұмысшысы
28.	Темирбаев Азамат Кабдылғазызович	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамбль әртісі
29.	Толқынхан Самғар	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамбль әртісі
30.	Турабеков Болат Алищерович	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамбль әртісі
31.	Куатов Аслан Тулегенович	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамбль әртісі
32.	Толукпаев Адилжан Майкенович	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамблінің көркемдік жетекшісі
33.	Мендығалиева Салтанат Нурлыбекқызы	«Saz and Soul» вокалдық-аспаптық ансамбль әртісі
34.	Альмадиев Алибек Бекболатович	Эстрадалық өнер бөлімінің әртісі
35.	Бектурганова Гульнара Женисовна	Концерттік-гастрольдік қызмет бойынша мемлекеттік концерттік ұйымдардың республикалық орталығының басшысы
36.	Гизатов Дулат Еркинович	Мемлекеттік сатып алу бөлімінің мемлекеттік сатып алу бойынша менеджері
37.	Ташимова Айнур Лесбековна	Экономикалық-жоспарлау бөлімінің бас экономисі

Дауыс беру нәтижелері бойынша:
«Қарсы болғандар» – жоқ
«Қалыс қалғандар» – жоқ
Шешім бір ауыздан қабылданды.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Комиссия хатшысы А.Б.Капонова санаттарын көтеру туралы әртістердің өтініштерімен комиссия мүшелерін таныстырды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Комиссия мүшелері әртістердің өтініштерін атқарып отырған лауазымына біліктілік сипаттамаларына сәйкес қарастырды.

Комиссия мүшелері аттестаттаудан өткен қызметкерлердің атқарып отырған лауазымына біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін атап өтті.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Аттестаттаудан өткен қызметкерлердің атқарып отырған лауазымына біліктілік сипаттамаларына сәйкес келесі санаттар бекітілді:

№	Аты-жөні	Қызметі	Бекітілген біліктілік санаты
1.	Бейсен Айман Шоқанқызы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің әртісі	B2-3 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 2 санат)
2.	Дұтбаев Алишер Ахметжанұлы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің әртісі	B2-2 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 1 санат)
3.	Жандаулетов Канат Абдрахманұлы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің әртісі	B2-1 (біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санат)
4.	Мұратұлы Айдар	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің әртісі	B2-3 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 2 санат)
5.	Макагон Андрей Владимирович	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің әртісі	B2-2 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 1 санат)
6.	Оразаева Гүлдана Маратқызы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің әртісі	B2-3 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 2 санат)
7.	Орынбаева Салтанат Есимхановна	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің әртісі	B2-1 (біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санат)
8.	Тұрсынбай Мақсат Дүйсенбайұлы	Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің әртісі	B2-3 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 2 санат)
9.	Абдукадиров Әдлет Сакенұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі	B2-2 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 1 санат)
10.	Атаев Бахыт Арипұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі	B2-3 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 2 санат)
11.	Байтлеу Асхат Сайлаубекұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі	B2-3 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 2 санат)
12.	Кусаинова Арайлым Жанбырбаевна	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі	B2-3 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 2 санат)
13.	Шәуенов Әлиулла Ғабидуллаұлы	«Astana musical» мемлекеттік театрының әртісі	B2-3 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 2 санат)
14.	Умарбекова Перизат Асановна	Алматы қаласындағы	B2-1 (біліктілігі жоғары)

		филиал әртісі	деңгейдегі жоғары санат)
15.	Интыкбаев Еркен Алтынбекович	Алматы қаласындағы филиал әртісі	B2-1 (біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санат)
16.	Айтахметов Біржан Төлеуғазыұлы	«Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының әртіс-солисі	B2-3 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 2 санат)
17.	Ельшибаева Айгул Иманкуловна	«Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының әртіс-солисі	B2-1 (біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санат)
18.	Темирбаев Азамат Кабдылғазызович	"Saz and Soul" вокалдық-аспаптық ансамблінің әртісі	B2-2 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 1 санат)
19.	Толқынхан Самғар	"Saz and Soul" вокалдық-аспаптық ансамблінің әртісі	B2-2 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 1 санат)
20.	Турабеков Болат Алишерович	"Saz and Soul" вокалдық-аспаптық ансамблінің әртісі	B2-2 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 1 санат)
21.	Мендығалиева Салтанат Нурлыбекқызы	"Saz and Soul" вокалдық-аспаптық ансамблінің әртісі	B3-2 (біліктілігі орта деңгейдегі 1 санат)
22.	Альмадиев Алибек Бекболатович	Эстрадалық өнер бөлімінің әртісі	B2-3 (біліктілігі жоғары деңгейдегі 2 санат)

Дауыс беру нәтижелері бойынша:
«Қарсы болғандар» – жоқ
«Қалыс қалғандар» – жоқ
Шешім бір ауыздан қабылданды.


Отырыс сағат 12.40 аяқталды.

Комиссия төрағасы:



Ш.Қ. Сүлейменов

Комиссия мүшелері:



Е.Р. Рысқали



Е.С. Нұртаев




Ж.Н. Базарбеков



Е.А.Тилепбердиев



Б.Т. Тургумбаева



Қ.Т. Искендер

Комиссия хатшысы:



А.Б. Капонова

**«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік
Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК**

Хаттама

11.06.2024ж.

Астана қ-сы.

№ 3а

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК қызметкерлерінің лауазымына сәйкестігін анықау мақсатында аттестастау комиссиясының отырысы туралы

Күн тәртібі:

1. Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК аттестаттаудан өтетін қызметкерлерінің лауазымына сәйкестігін анықтайтын әңгімелесу өткізу және қортындысын шығару;

2. Әртістердің санаттарын көтеру туралы өтініштерін қарау;

3. Алматы филиалынан келген әртістермен комплаенс қызметі бойынша сұхбат жүргізу.

10.06. сағат 10-00-де директордың орынбасар, комиссия төрағасы Ш.Қ. Сүлейменовтың кабинетінде комиссия мүшелері бас қосты.

Жиналыста комиссия хатшысы сөйлеп, аттестаттауға 37 адам


Жиналыста қызметкерлерді аттестациялау туралы ақпараттар айтылды. өнер адамдарын (әншілер, музыканттар, театр әртістерін) аттестаттау үшін олардың өнерін көріп, дауыс ерекшелігін, өнердегі қарымын білу үшін, жылына екі рет әншілердің әнін тыңдау, аспата ойнауын артистердің өнерін бағалау, театр өнерпаздарының ойнау қаблетін тексеру, барлық өнерпаздардың білімін, тәжірибесін, сахна мәдениетін толық қанды меңгергенін, көрермендермен ара қатынасын бағамдайтын тыңдалым (прослушивание) өткізу керек екені айтылды. Бұл жөнінде Қазақконцерттің Көркемдік жетекшісі Ерлан Рысқалиға ойланып, шешу тапсырылды.

11.06. - 12.06. аралғында 37 қызметкер Аттестаттау комиссиясының алдынан лауазымына біліктілік сипаттамаларынан өтті.

22 адамның келесі санатқа өту үшін қалдырған өтініші қаралып, әңгімелесуден соң сипаттамаға лайық екені комиссия мүшелерінің қолдауымен өтті. «Қарсы болғандар», «Қалыс қалғандар» жоқ.

Алматы филиалынан келген әртістермен комплаенс қызметі сұхбат жүргізді. Олармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, мүдделік қақтығыс, комплаенс қызметі жайлы әңгіме өткізілді. Ұйымда пәре беру-пәре алу, сыбайластық болып жатса қайда хабарлауы керек екені айтылып, қоғам арасында жемқорлыққа төзбеушілікті насихаттау ұсынылды.

Комплаенс офицер



Е. А. Тілепбердиев

«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік
Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК

Хаттама

11.06.2024ж.

Астана қ-сы.

№ 4

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК «БІРЛІК» музыкалық-би ұжымымен комплаенс қызметкерінің кездесу өткізуі туралы

Күн тәртібі:

1. «БІРЛІК» музыкалық-би ұжымының қызметі, мақсаты, құрамымен комплаенс қызметкерінің танысып, кездесу өткізуі туралы;

2. «Қазақконцерт» ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясаты, Нұсқаулығы, Комплаенс қызметінің Ережелерімен таныстыру;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру туралы баяндама жасау.

7.06.2024ж. сағат 15-00-де үлкен концерттік залда кездесу өтті. Кездесуге келген биші артистер жетекшілері Жанатай Қожабеков-Бас балетмейсетрдің жетекшілігімен қойылым орындады.

Кездесуде «Бірлік» музыкалық-би ұжымының алдағы істері, репертуралары, бишілердің құрамы туралы сөз болды. Олардың өткізген алғашқы концерттерінің қорытындылары туралы, бишілердің қаблеті туралы әңгіме өрбіді.

Келесі кезекте Жанатай Қожекеев **осы жылдың** 1 наурыз күні, әлем халықтарының билерін жанды аспаптық сүйемелдеумен кәсіби деңгейде зерттеп, орындау мақсатында жаңа интернационалдық «БІРЛІК» музыкалық-би ұжымы болып құрылғандарын, жаңа ұжымның әлі де құрамды жаңа бишілермен толықтыратындарын, жаңа шығармалар қоятындарын әңгімелеп берді.

Жиналыс аяғында комплаенс қызметкері – Е.А. Тілепбердиев Ұжымның «Әдеп» кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясаты, Нұсқаулығы, Комплаенс қызметінің Ережесі туралы әңгімелеп берді. Ұйым арасында жемқорлыққа төзбейтін патриот, елін, отанын ардақтайтын азаматтар болуға шақырды. Ұйымда пәре беру-пәре алу, сыбайластық болып жатса қайда хабарлауы керек екені айтылып, қоғам арасында жемқорлыққа төзбеушілікті насихаттау ұсынылды.

Комплаенс офицер

Е. А. Тілепбердиев

**«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік
Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК**

Хаттама

11.06.-12.06. 2024ж.

Астана қ-сы.

№ 5

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс және тәуекелдерді басқару» тақырыбы туралы республикалық практикалық семинардың өтуі туралы

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК «БІРЛІК» музыкалық-би ұжымымен комплаенс қызметкерінің кездесу өткізуі туралы

Тақырыбы:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс және тәуекелдерді басқару» туралы

11.06.2024ж. сағат 10-00-де семинар басталды. Семинар екі күн бойы комплаенс қызметінің ерекшелігі, мүдделік қақтығыстардың пайда болуы, «Әдеп» кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясат, Нұсқаулық, Комплаенс қызметінің Ережесі туралы сабақтар өтіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау, пәре алу, пәре беру т.с.с. тақырыптарды қамтыған практикалық семинарлар өткізілді. Семинарға осы саланың мамандары баяндама жасады. Олар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясаты, Нұсқаулығы, Комплаенс қызметінің Ережесі туралы әңгімелеп берді. Ұйым арасында жемқорлыққа төзбейтін патриот, елін, отанын ардақтайтын азаматтар болуға, осышақырды. Ұйымда пәре беру-пәре алу, сыбайластық болып жатса қайда хабарлауы керек екені айтылып, қоғам арасында жемқорлыққа төзбеушілікті насихаттау ұсынылды.

Семинар соңында (12.06. 2024ж. сағат17-00) комплаенс қызметкері – Е.А. Тілепбердиевке Семинарға қатысқандығын айғақтайтын Сертификат берілді.

**«Роза Бағланова атындағы
«Қазақконцерт» мемлекеттік
Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК
Құжатпен қамтамсыз ету бөлуінің
инспекторы-комплаенс офицері**

Е. А. Тілепбердиев

**«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік
Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК**

Хаттама

14.05.

Астана қ-сы.

№ 6

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК космплаенс қызметінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қоғам арасында қалыптастыруы туралы

Тақырыбы:

1. М. Мақатаев атындағы 74 мектеп-лицейіндегі жалпы ахуал және мектеп оқушыларының белсенділігін арттыру, болашақ ұрпақтың рухты, әділетті болуына ат салысу, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы» кездесіп, осы тақырыптарға байланысты келесі оқу жылының Жоспарын белгілеу туралы

Жиналысқа мектеп директоры, директор орынбасарлары жіне ұстаздар мен белсенді ата-аналар қатысты.

Мектепте балалардың ата-аналарынан ремонтқа, басқа да қажеттіліктерге байланысты ақша жинауға болмайтыны, ұстаздар біліктілігі туралы және оқушылардың үлгерімі жөнінде директордың оқу жөніндегі орынбасары баяндап берді. Сонымен қатар тәрбие жөніндегі орынбасар қанша бала спорттан, басқа да білім жарыстарынан орын алғанын, келешекте үйірмелер қалай жұмыс атқару керектігін ортаға салды.

Ата-аналар да өз тарапынан ұсыныстарын айтып, оқу бітірген балалар қоғамның арасында өздерін қалай ұстауы керек екені сөз болды. Ол үшін мектеп қандай шаралар атқарып жатқаны, олардың мәдениеті мен тәртібі қай дәрежеде екені баяндалды. Директор: Әлі де болса балалар арасында тәрбиеге мойын ұсынбайтын сегізге жуық балалар бар екенін, екеуі полицейлердің бақылауында болатынын жеткізді

Ата-аналар сөзінен кейін, комплаенс қызметкері Е. Тілепбердиев бұл іске ата-аналардың да жауапты екенін баса айтты. «Ұяда не көрсең, түзде соны ілесің» деген мақалдың актуалды екенін, олардың көбінесе балаларының сөзін қолдап, баласы емес ұстазды кінәлай салатынын көріп жүргенін айтты. Сондықтан рухты, адал, әділ ұрпақты тәрбиелеуде ұстаз бен ата-ана бірге қимылдамаса болмайтынын жеткізіп, үлгілі отбасылар арқылы ата-ананы да тәрбиелеуге шақырайық деді. Балалармен де, ата-аналармен де жиналыс өткізіп, сұхбаттасудың пайдасы зор екеніне тоқталды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресетін ұрпақ тәрбиелеу баршамыздың негізгі борышымыздың бірі екенін баса айтты.

Жиналғандар бір ауыздан келісіп, келесі жолы жалпы жиналыста осы мәселелерді көтеруді Жоспарға енгізді.

**«Роза Бағланова атындағы
«Қазақконцерт» мемлекеттік
Академиялық концерттік ұйымы» РМҚК**
Құжатпен қамтамсыз ету бөлуінің
инспекторы-комплаенс офицері

Е. А. Тілепбердиев

Х А Т Т А М А

Өтетін орны: Астана қ. Мәңгілік ел даңғылы, 10/1, брифинг залы,

Күні: 2024 жылдың 09 сәуір, сағат 11-30.

ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ-мен Р. Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік қазыналық кәсіпорынының қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кездесу өтті

Бүгін Роза Бағланова атындағы Қазақконцерт Мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ-мен Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кездесу өтті.

Кездесуге «ЖАҢҒЫРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы – **Семғалиев Мәлс Зайнуллаұлы**, ҚР Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Парламенті Сенатының бұрынғы төрағасы, - **Абдыкаримов Оралбай Абдыкаримұлы**, Мемлекет және қоғам қайраткері, бұрынғы Мәдениет және спорт министрі, Қазақстанның Журналистика академиясының академигі – **МЫҢБАЙ Дархан Қамзабекұлы** және Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ филиалының басшысы Дәулеткерей Рахметуллин, «Роза Бағланова атындағы Қазақконцерт Мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының басшысы Қаратаев Тимур Нұрланұлы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақконцерт ұжымының комплаенс офицері Тілепбердиев Ерқожа Әлғожаұлы және ұжым қызметкерлері (150 адам) қатысты.

Кездесу өзара ынтымақтастық шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясатты түсіндіру және талқылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, заңнамаларға сәйкес іс-шараларды жүзеге асыру, жастардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру аясында өтті.

Кездесудің мақсаты ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының ережелерін түсіндіру бойынша жұмыс және еңбек ұжымымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы профилактикалық іс-шаралар өткізу болды. «Біздің жұмысымыз сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде халыққа мемлекеттік өнер көрсету сапасы, мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар кешенін жүргізуді көздейді» - деді **Әбдікаримов Оралбай Әбдікаримұлы**. Жастарды сыбайлас жемқорлықтан аулақ болуды сұрады. Оның арты мемлекетіміздің күйреуіне әкелетінін баса айтты. **Семғалиев Мәлс Зайнуллаұлы** - Мекемеге қызметтерді алу кезінде қызметкерлердің

пара алу, пара беруге нөлдік төзімділік (бұл ең аз құқық бұзушылық үшін заңда көзделген ең көп жаза қолданылатын тәртіп) таныту керек екенін айтты. Бұл бағытта комплаенс қызметкерлері белсенді жұмыс істеп, түсіндірмелермен белсенді кездесулер өткізуі керек» - деді. **МЫҢБАЙ Дархан Қамзабекұлы** да сөз арасында, өнер адамдарының халықпен көп кездесетінін айтып, олардың халық ортасында көп жүргендіктен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ролдері зор болатынын, жүрген жерлерінде халықты, жастарды тәрбиелей жүрулері керек екенін айтып өтті. Өздерінің де бабаларымыздан келе жатқан дәстүрі «Ала жіптен аттамау» керек екенін, мекемелерде қабылданған «Әдеп кодексін» бұзбай, әрқашанда мейірімді, жанашыр, адал болып, жастарға істерімен үлгі болулары керек екенін баса айтты. Астана қаласы бойынша «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ филиалының басшысы **Дәулеткерей Рахметуллин** бәріміздің де Республика орталығында тұратынымызды, қала жастардың шоғырланған жері екенін, олай болса мәдениет те де, өнерде де, өндірісте де аймақтарға адал, шыншыл, сапалы істерімізбен үлгі көрсетуіміз керек екенін айтты. «Роза Бағланова атындағы Қазақконцерт Мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының басшысы **Қаратаев Тимур Нұрланұлы** сөз сөйлеген спикерлерге алғысын айтып, істеріне табыс тіледі. Кездесу барысында Роза Бағланова атындағы Қазақконцерт Мемлекеттік академиялық концерттік қазыналық кәсіпорны мен «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі арасында Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімделді. Сөз соңында Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының инспектор-комлаенс қызметкері **Тілепбердиев Ерқожа Әлғожаұлы**.

Жарыс сөзге шыққандар: Дәстүрлі әндер орталығының жетекшісі, әнші Жасұлан Науырызбайұлы, құжатпен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Гүлфира Әбдиевна және басқалар.

Кездесу соңында «Қазақконцерт» қызметкерлеріне Сауалнама, «ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ӘР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ», «ПАРА АЛМА, ПАРА БЕРМЕ» деген ұрандар мен парақшалар, стикерлер таратылды. Суретке түсу рәсімі орындалды.

**Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт»
мемлекеттік академиялық концерттік
ұйымының инспектор-комлаенс қызметкері**



Тілепбердиев Ерқожа Әлғожаұлы

«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының» комплаенс қызметінің

Хаттамасы

Уақыты: сағ. 11-00.

01 сәуір 2024ж.

Өткізілген жері: Қазақконцерт ғимараты. Дайындық залы.

Қатысқандар: «Astana Musical» Мемлекеттік театрының көркемдік жетекшісі – Еслям Серікұлы Нұртазин, бас хормейстрі – Алмат Абишев, әкімшісі – Аида Қалқатай және театр артистері (51 адам).

Тақырыбы:

1. «Қазақконцерт» кәсіпорны басшысы бекіткен **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес «Саясатын», «Нұсқаулығын» және комплаенс қызметі жөніндегі «Ережесін» талдау;**
2. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
3. «Қазақконцерт» кәсіпорнының «Әдеп Кодексінің» этикалық қағидаттары мен талаптарын таныстыру және мүдделер қақтығысына жол бермеу тақырыбында баяндама.

Жоғарыдағы тақырыптар бойынша баяндама жасаған «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМАҚК құжатпен қамтамасыз ету бөлімінің инспекторы - комплаенс офицері **Е. А. Тілепбердиев**.

Бірінші тақырып бойынша атқарылған жұмыстар баяндалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан мемлекет саясатының барысы жөнінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жүргізіп жатқан іс-шаралары жөнінде хабар берілді. 2023 жылдың қортындысы бойынша Қазақконцерт ұжымына жасалған «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Есебіне» тоқталды. Ішкі талдауда көрсетілген кемшіліктерге айтылды. Алдымызда болатын Талдауға тереңірек көңіл бөліп, әсіресе ішкі құқықтық құжаттарды қайта қарап, кемшілігі болса азайтып, жұмысқа кедергі болатын заңнамалар мен бұйрықтарды, келісім-шарттарды қайта қарауға шақырды. Қызмет атқаруда, ара қатынаста ашықтықты ұлғайтуға тереңірек қарауларын өтінді. Сонымен бірге еңбектегі профессионализмді арттырып, жұмыс тәртібін бұзбау жемқорлықты болдырмаудың жолдары екенін айтты, әсіресе Көркемдік жетекшіге, комплаенс қызметкеріне келесі Есеп беру кезінде белсенділік көрсетуін сұрады.

Екінші тақырып бойынша, Қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістер жағдайында елде қабылданған бағдарламалық құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне айрықша назар аударылады. 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының басты ерекшеліктеріне қазіргі кезеңдегі жұмыстың басым бағыттарының бірі – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жататыны айтылды. Сыбайлас жемқорлық туралы кең ауқымды мәліметтер антик дәуірінің мұрасында кездеседі. Ежелгі грек ойшылдары Платон мен Аристотель өз жұмыстарында бірнеше рет билікті асыра


пайдалану мен парақорлықтың қоғамның экономикалық, саяси және рухани өміріне күйретуші және бұзушы ықпалы туралы ескерткен, пайдакүнемдік – мемлекеттік басқаруда жол берілмейтін, сыбайлас жемқорлықтың себептері деп атаған. Аристотель «Саясат» деген еңбегінде сыбайлас жемқорлықты мемлекетті күйретуге әкелмесе де, азғындауына әкелетін маңызды фактор деп атап көрсеткен. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Аристотель мемлекеттік тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізі деп санаған: «Кез келген мемлекеттік құрылыста ең бастысы – бұл заңдар және қалған тәртіп арқылы істі лауазымды адамның пайда таба алмайтындай етіп құру керек». Кейіннен Гегель былай деп атап көрсетті: «Афинада әрбір азаматтың қандай қаражатқа өмір сүретіні жөнінде есеп беруге міндеттейтін заң болған, ал қазіргі кезде бұнда ешкімнің шаруасы болмауы тиіс дейді». Рим құқығында «сыбайлас жемқорлық» заң нысанын иеленді. Бұған мысал ретінде рим құқығының жиынтығын – XII кестелер Заңын (біздің эрамызға дейінгі V ғасыр, латынша *leges duodecim tabularum*) келтіреміз, онда «*conruptere*» термині соттағы жауап беруді ақшаға алмастыру немесе судьяны параға сатып алу деген мағынада пайдаланылады. Орта ғасыр кезеңінде «сыбайлас жемқорлық» ұғымы шіркеулік, канондық мәнді иеленіп, «азғыру», «шайтанның азғыруы» және «күнә» ретінде теологиялық бағытта болды. Латын сөзі «*corruptibilitas*» адамның баянсыздығын, бұзылуға бейімделуін білдіреді. Жемқорлықты жою тек қана жоғарғы басшылардың жұмысы ғана емес, әр адамның міндеті екеніне тоқталды. Ол үшін жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды бірінші орынға қою керек екенін баса айтты.

Үшінші тақырып бойынша, қызметтік «Әдеп кодексі» қызметкерлердің басшылыққа алатын жалпы этиканы жалпы қағидаттары мен нормаларының жинтығығы екені талданып, әр қағидаттар мен нормаларға тоқталынды. Кәсіпорын қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде, жұмыс орнында, сахнада, халық алдында өнер көрсететін өнер тұлғалары болғандықтан ел алдында этиканы қалай сақтау керек екені талқыланды. Адамның асыл қасиеттері – адалдық, шыншылдық, әдептілік, бейтараптық кәсіби біліктілік, мінсіз мінез-құлық, сенімділік, сонымен қатар кәсіпорындағы ақпараттың құпиялығын сақтау т.б. қасиеттері жайлы жарыссөзде талқыланды.

Қазақконцерт кәсіпорнының «Әдеп кодексі» бойынша әрбір қызметкер толық білуі керек екені, сол ережемен жүру керек екені баса айтылды.

Мүдделер қақтығысы, басшы мен қызметкерлер арасындағы қақтығыс орын алынған жағдайда немесе болатынын алдын ала сезсе оны болдырмауға тырысуы керек, тыңдамай жатса бұл жағдайды басшыға немесе комплаенс қызметкеріне жеткізуі керек делінді. Сөз соңында жемқорлық пен тәртіп бұзушылықты тек бірлесе отырып жеңуге, азайтуға болады. Оған адам бойындағы асыл қасиеттердің - мейірімділік, жанашырлық, ар, ұят, отансүйгіштік қасиеттерді арттырудың арқасында ғана жетеміз делінді. Сөз сөйлегендер: **«Astana Musical» Мемлекеттік театрының көркемдік жетекшісі – Еслям Серікұлы Нұртазин**, театр артистері: Ақыппаев Айдар, Бақытжанов Бекзат. Сөзжарыста театр артистері тарапынан сұрақтар қойылып, қатысушылар, басшылар сөзге белсене араласты. Жиналыс мағыналы өтті.

Хаттаманы толтырған:



Тілепбердиев Е. А

Баяндау хат № 1

Уақыты: сағ. 11-30.

06 науырыз 2024ж.

Өткізілген жері: Қазақконцерт ғимараты. Конференция залы.

Қатысқандар: Бөлім басшылары, бухгалтерлер, кадр қызметкерлері, шаруашылық қызметкерлері және менеджерлер.

Тақырыбы:

1. Комплеанс қызметі жөнінде және 2023 жылдың бірінші қаңтарынан 2023жылдың 30 желтоқсанына дейінгі уақытта атқарылған жұмысқа Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін Талдаудың нәтижесі туралы;

2. «Жемқорлық жою – баршаның міндеті» атты баяндама.

Жоғарыдағы тақырыптар бойынша баяндама жасаған «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы» РМҚК құжатпен қамтамасыз ету бөлімінің инспекторы - комплеанс офицері **Е. А. Тілепбердиев.**

Бірінші тақырып бойынша 2024 жылдың қаңтар-ақпан айындағы аралықта атқарылған жұмыстар баяндалды. 2020-2021 жылдың қортындысы бойынша Қазақконцерт ұжымына жасалған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Есебіне тоқталып, Талдаудың жемқорлыққа қарсы күресте пайдалылығы мен жұмыс кезіндегі олқылықтар айтылды. Есебін кешіктіріп тапсырған бөлім басшыларына келесі жолы жауаптылықпен қарауы тапсырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан мемлекет саясатының барысы жөнінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жүргізіп жатқан іс-шаралары жөнінде де хабар беріліп, оларға Есепті уақтылы тапсыру үшін талдауға қатысушы бөлімдердің созбалауға салуына болмайтынын ескертті. Ішкі талдауға қатысқан комиссия мүшелерінің жауапкершілігі мен біліктілігі жөнінде айтылды. Алдымызда болатын Талдауға тереңірек көңіл бөліп, әсіресе ішкі құқықтық құжаттарды қайта қарап, кемшілігі болса азайтып, жұмысқа кедергі болатын заңнамалар мен бұйрықтарды, келісім-шарттарды қайта қарауға шақырды. Қызмет атқаруда, ара қатынаста ашықтықты ұлғайтуға тереңірек қарауларын өтінді. Сонымен бірге еңбектегі профессионализмді арттырып, жұмыс тәртібін бұзбау жемқорлықты болдырмаудың жолдары екенін айтты, әсіресе бөлім басшыларының бұл жұмыста салғырттық көрсетпеуін сұрады.

Екінші тақырып бойынша баяндама оқылып, жемқорлықты жою тек қана жоғарғы басшылардың жұмысы ғана емес, әр адамның міндеті екеніне тоқталды. Ол үшін жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды бірінші орынға қою керек екенін баса айтты. Әрбір қызметкер ондай жағдай орын алынғанын байқаса немесе болатынын алдын ала сезсе оны болдырмауға

тырысуы керек, тыңдамай жатса бұл жағдайды басшыға немесе комплаенс қызметкеріне жеткізуі керек деді. Жемқорылықты тек бірлесе отырып жеңуге, азайтуға болады. Оған адам бойындағы асыл қасиеттердің - мейірімділік, жанашырлық, ар, ұят, отансүйгіштік қасиеттерді арттырудың арқасында ғана жетеміз деді. Сөз жарыста құжатпен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Г. Абдикаимова, директордың орынбасары Ш. Ұ Сүлейменов, Сатым алу, сату бөлімінің басшысы Ж. К. Миркалиев, Көрермендерге қызмет көрсету бөлімінің бастығы-кәсіподақ жетекшісі Б. Т. Тургунбаева т.б. қызметкерлер сұрақ қойып, сөзге белсене араласты. Жиналыс мағыналы өтті.

Комплаенс офицері



Е. А. Тилепбердиев

10.03.2024.ж.

Төменде бейнебаяндар:

**«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік
концерттік ұйымының» комплаенс қызметінің**

Хаттамасы

Өтетін орны: Алматы қаласы

Өтетін орны: Астана қаласы

Уақыты: 22.12. сағ. 10-00

Қатысушылар: 46 адам.

Тақырыбы:



1.Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалары туралы







- 1. «Әдеп кодексі», Ұжымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы көрес Саясаты, Нұсқаулығы және Комплаенс қызметі және басқа да ішкі заңнамаларды талқылау.**

Құжатпен қамтамасыз ету бөлімінің инспекторы-комплаенс офицер Тилепбердиев Е. А. Р. Бағланова атындағы «Қазақконцерт» ұйымының қызметкерлеріне осы екі тақырыпта баяндама жасады Мемлекетіміздегі 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігінің қызметі, Елімізде шығып жатқан заңнамалар туралы жаңалықтар мен деректер айтылды.

2. «Қызметтік этиканың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптаструдағы ролі» жайлы айтылып, Қазақконцерт» ұйымының «Комплаенс қызметінің жаңа Ережесін» талқылап, комплаенс қызметі жөнінде баянама жасалынды. Қызмет бабында қалай қолдануға болатыны, ұжымға несімен пайдалы екені сөз етілді. Ұжым мүшелерімен жиналыстан соң жеке-жеке кездесулер өттіп, Еңбек тәртібі жөнінде, сахна мәдениеті жөнінде, басқа да ішкі мәселелер жөнінде әңгіме өрбіп, «Қазақконцерт» ұйымы қызметкерлері ынтымақта, келешекте бірлесе отырып жұмыс атқаруға келісілді.

Қатысушылар саны:

№	ВАты-жөні	Қызметі, саны	Қолы
1.	Тилепбердиев Е. А.	Құжатпен қамтамасыз ету бқлімінің инспекторы– комплаенс офицері – 1	
2.	Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімі	4	

4.	Экономика бөлімі	2	
5.	Бухгалтерия	4	
6.	Шаруашылық бөлімі	15	
7.	Өнер және гострольдік бөлімдер	20	
8.	Сату-сатып алу бөлімі	2	
Жалпы		48 адам	
Ссылка жіберілді: https://qazaqconcert.kz/			

Құжатпен қамтамасыз ету бөлімінің
инспекторы – комплаенс офицері



Е.А. Тілепбердиев

**«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік
концерттік ұйымының» комплаенс қызметінің**

Хаттамасы

Өтетін орны: Алматы қаласы

Уақыты: 11-14. 06 2023 ж. сағ. 10-00

Қатысушылар саны: 30 адам.



Тақырыбы:

1. Алматы қаласындағы Р. Бағланова атындағы «Қазақконцерт» ұйымының жаңа жоспармен таныстырып, заңдармен, ережелермен, нұсқаулықтармен таныстыру, жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері


2. Алматы филиалының жұмысын бақылап, Ұжымның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясаты, Нұсқаулығы және Комплаенс қызметі жүнінде ақпараттандыру.

Құжатпен қамтамасыз ету бөлімінің инспекторы-комплаенс офицер Тилепбердиев Е. А., бас экономист А. Л. Ташенова Алматы қаласындағы Р. Бағланова атындағы «Қазақконцерт» ұйымының филиалының жұмысын бақылап, жаңа жоспармен таныстырып, заңдармен, ережелермен, нұсқаулықтармен таныстыру, жұмыстарын ұйымдастыруға көмектесу мақсатында іс-сараға барды. Филиал директоры Ғ. Абдрахмановамен бірлесе отырып филиалдың ғимаратына мониторинг жасалынып, мүлкіне инвентаризация жүргізілді. Ұжым мүшелерімен жиналыс өткізіліп, жеке-жеке кездесулер өтті, комплаенс қызметі жөнінде баянама жасалынды. Еңбек тәртібі жөнінде, сахна мәдениеті жөнінде, басқа да ішкі мәселелер жөнінде әңгіме өрбіді. Алматының Республика сарайының директоры мен Құрманғазы атындағы филармония директорымен кездесулер өтіп, «Қазақконцерт» ұйымымен ынтымақта, келешекте бірлесе отырып жұмыс атқаруға Меморандумға отыруға келісілді.

Қатысушылар саны:

№	ВАты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Тилепбердиев Е. А.	Құжатпен қамтамасыз ету бөлімінің инспекторы-комплаенс офицері	
2.	Ташимова А. Л.	Бас экономист	
3.	Абдрахманова Ғ. Ғ.	Филиал директоры	-
30	Филиал артистері 27 адам		
Ссылка жіберілді: https://qazaqconcert.kz/			

Құжатпен қамтамасыз ету бөлімінің инспекторы – комплаенс офицері



Е.А. Тилепбердиев